

Алға ауданы Үшқұдық ауылдық округінің көше атауларын өзгерту туралы

Ақтөбе облысы Алға ауданы Үшқұдық ауылдық округі әкімінің 2025 жылғы 3 маусымдағы № 27 шешімі

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14- бабының 4-тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабының 2-тармағына сәйкес, облыстық ономастика комиссиясының 2018 жылғы 20 желтоқсандағы № 4 қорытындысы негізінде және тиісті аумақтық халқының пікірін ескере отырып, Ақтөбе облысы Алға ауданы Үшқұдық ауылдық округі әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Алға ауданы Үшқұдық ауылының келесі көшесі қайта аталсын:

- 1) "Комсомольская" көшесін – "Желмая" көшесіне;
- 2) "Садовая" көшесін – "Таң самалы" көшесіне;
- 3) "Центральная" көшесін – "Мерей" көшесіне;
- 4) "Новая" көшесін – "Ата мұра" көшесіне;
- 5) "М. Горький" көшесін – "Хантәңірі" көшесіне;
- 6) "Овражная" көшесін – "Үшқоңыр" көшесіне;
- 7) "Молодежная" көшесін – "Жас қыран" көшесіне;
- 8) "Казахская" көшесін – "Аруана" көшесіне.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Үшқұдық ауылдық
округінің әкімі*

Б. А. Ақдаулетов